



## Меркі – орта ғасыр өркениеті

**Қазақ сахарасы. Не көрмеген бұл ұлы дала... Талай оқиғаға, талай тарихқа куә. Кешегі дәуірлерде осы далада сән-салтанаты келіскен шырайлы шаһарлар көз тартып тұрған дегенге кім сенер... Бүгін сол қалалардың орнын күм басқан. Уақыт желі ескі шаһарларды жермен-жексен еткен. Археологтар шаһарлар орнын қазғанда, таңғажайып мәдениет қазыналарына тап болып жүр. Байырғы шеберлердің ісмерлігін көрсететін өнер түрі – сәулет өнері. Шеберлер алтын, күмістен неше алуан бұйымдар шығара білген. Сахара шаһарлары дана бабаларымыз соңдарына қалдырған айшықты белгі. Тарих сыры. Олай болса өткенге үңілу, ежелгі дәуір сырына қанығу – өсетін елдің ұрпағына парыз.**



Газетіміздің осы санынан бастап «Сахара шаһарлары» атты жаңа айдар ашуды жөн көрдік. Бұл айдар бойынша оқырман қауымға ұсынылатын мақалаларда қазақ даласында көне замандарда бой көтерген шаһарлар туралы мағлұматтар мен қызықты деректер ұсынылады.

Тянь-Шанның (Тәңір таудың) батыс жағындағы бір жотасы – Қыргыз Алатауы баурайында сан ғасырдан бері Ұлы Жібек жолының құрметамырында Меркі қаласы тұр. Қала Меркі шатқалының құзар биігіндегі мұзарт таудан бастау алатын өзен жағасына салынған. VI-VIII ғасырларда қазіргі Меркі орнында көпестер мен қолөнершілер тұрған қала қалыптасып, ал оның айналасында шаруалар арпа-бидай егіп, бау-бақша, жүзімдіктер өсірген. Қала айналасында мал бағушы көшпелілердің көктемде жылқы мен қой табындарын таулы жайлауға айдап, ал күзде Балқаштың құмдақ даласына, Мойынқұмдағы қыстауға түсетін жолдары өткен. Олардың өмірі осылай жылдан-жылға, ғасырдан-ғасырға ұласып, жалғаса берген. Әуеліде олар сақтар, үйсіндер, ғұндар, ал кейін түркілер, түргештер, қарлұқтар, қыпшақтар, қазақтар аталған. Оңтүстік-батыс Жетісу аймағында жетісулық деп аталатын андрондық мәдениеттің ерекше түрі өмір сүрді. Елді мекендердің көпшілігі өзен жағасында немесе биік тау мен оның баурайындағы бастаулар мен бұлақтар жанында орналасты және олардың маңында ғибадатханалар, жартас суреттері мен мазарлар болды. Қола дәуірінде кен қазу, оны балқыту маңызды рөл атқарды. Мыс қоры бар жерлерде кен қазылып, қасында қола балқытылып, одан балта, орақ, түрлі әшекейлер, сүңгі мен садақ ұштары жасалды. Қыш шеберханаларында құмыралар жасалды. Меркі маңынан қола балталар, садақ ұштары мен қыш құмыралар табылды. Ортағасырлық Меркі қаласының негізгі бекінісі Қарасу өзенінің оң жағасында қазіргі Меркі ауылының ортасында орналасқан. Қалашық тік жағалауды бойлай жатыр. Әсіресе, оның мұнаралы қамалы бар орталық бөлігі алыстан көрініп тұр. Қарасу өзені ені 1,5 м., тереңдігі 0,8 м. кішкене ғана ағын су. Қалашық қирандысында сыртқы дуалмен қатар шахристан және қамал мұнараларының іздері анық байқалады. Қаланың дуалы оны ертеде төрт жағынан қоршап, дүниенің төрт бұрышына бағышталып тұрды. Оңтүстік жағындағы дуал толық сырылып тасталған және оны бойлай кешегі күнге дейін қалалық құрылыстар салынған. Қарасу өзені өтетін батыс жақ та сондай күйде болған. Шикі кірпіш (саман) дайындауға топырақ алған жерлер ізі жағаны бойлай кездеседі. Себебі өзен суының шаюы және қалашықтың батыс жағының жарқабатты болуы топырақ алуға ыңғайлы болды. Дуалы шығыс жағында салыстырмалы түрде айтқанда жақсырақ сақталған, ал ең жақсы сақталғаны – солтүстік жағы. Дуалдың сыртынан ор іздері байқалады. Меркі қаласының орталығы мен оның рабадын жан-жағынан «ұзын» қабырғалар қоршап

жатыр. Қазір олардың орны сақталмаған. Тек шахристанның оңтүстік жағында 2,5 шақырым жерден 0,5 шақырымдық сыртқы қабырға іздері сақталған. Оның биіктігі – 1,5 м, іргесінің қалыңдығы – 8 м. «Ұзын» сыртқы қабырғаның ішкі аумағында қазіргі заманғы құрылыстар, бау-бақшалар және басқа да ауыл шаруашылық егіндіктер орналасқан. Топографиялық зерттеу жұмыстарының барысында ұзын сыртқы қабырғаның 36 шақырымға жететіні белгілі болды. 2006 жылғы археологиялық қазба кезінде солтүстік қабырғаға таяу жерден аумағы 50х50 м алаңқайдан XIX ғ. бірінші ширегінде салынған үлкен аулалы екі тұрғын үй құрылыстарының қалдықтары аршылды. Аумағы 31х31,5 м қазбаның ішінен алты бөлменің орны және т.б. құнды қазбалар анықталды. Меркі қалашығы орталығының батыс бөлігіне, шахристан аумағына стратиграфиялық кесік салынып, онда қалашықтың VI-XIII ғасырларда өмір сүргендігін көрсететін 18 қабат анықталды. Стратиграфиялық кесіктей 1-5-қабаттардан кездескен қыш заттар XI-XIII ғасырларға жататындығын көрсетеді. Қыш заттар негізінен жұқа қабырғалы, шарықта дайындалған құмыра, табақ, кесе түріндегі және сұқйғыш ыдыстар да кездеседі. 6-9-қабаттардан шыққан қыштар IX-X ғасырларға сәйкес келеді. Олар шарықта дайындалған құмыра, кесе, құм, құмша, тегене сияқты қолмен жасалған тұрмыстық-шаруашылық қыштар, сондай-ақ дастарқан сынықтары, қазан, қазан тәрізді ыдыстардан тұратын қолмен жасалған ас үйлік қыштар кездеседі. 10-18-қабаттардан ұшқан қыштар негізінен сұқйғыш және асханалық құмыра, табақ, кесе, құм, құмша, тегене, қазан, келі тәрізді ыдыстар, әдемі оюлы ыдыс қақпақтары, ошақ тұғырлары, дастарқандар. Мұндай ыдыстар Шу, Талас аңғарлары қазбаларында кездеседі және олар VII-VIII ғасырларға сәйкес келеді. 2007 жылы 2006 жылғы қазбадан 50-70 м солтүстікке қарай орналасқан төбешік қазылды. Қазба барысында пахсадан тұрғызылған қабырғасы бар ғимараттың бұрышы табылды. Жоғарғы мәдени қабатқа жататын болғандықтан, ғимарат құрылыстары қирап кеткен. Қазбаның оңтүстік-батыс бөлігінен екі қабырғаның қалдығы бары байқалды. Қабырғаның оңтүстік жағынан 2,5 м тереңдіктен ошақ қалдығы табылды. Сақталған қалдығы 0,5 м. деңгейінде екені анықталды. Ошақтың аумағы – 0,5 м. Қалыңдығы 2-3 см сылақ күйген және түсі де кірпішке ұқсас. Ошақ сырты лай балшықпен сыланған. Көп уақыт бойы ашық аспан астында жатқандықтан қатты қираған, сондықтан оның толық аумағын анықтау қиынға түсті. №1-шаршыдан тандыр аршылды, сақталған бөлігінің аумағы – 0,51 м. Тандырдың жиектері сақталмаған және ең биік жері 0,33 м. Сақталған бөлігінің ортасында кішкене дөңгелек тесігі бар, оның биіктігі 13 см, түп жағында ені 10,5 см. Ішкі қабырғасының бетінде үшкір құралмен сызылған қиғаш тор тәрізді өрнектері бар. Ұлы Жібек жолының бойындағы маңызды орталықтардың бірі саналатын ортағасырлық Меркі қаласын алғашқы

зерттеу мен қазудың өзі оның тарихы мен орналасқан жерін және тарихи даму кезеңдері туралы қызықты мәліметтерге қол жеткізді. Қыш бұйымдар жиынтығы қыш қолөнерінің жоғары деңгейде дамығанын, оның көркемдік бағыттарын, Оңтүстік Қазақстан және Жетісу қалалары, Шығыс Түркістан, Шаш, Соғды, Хорезммен мәдени, экономикалық, саудалық қарым-қатынастары болғандығын көрсетеді. Меркі атауы кездесетін жазба деректер көп емес. Қаланың ежелгі тарихы саяхатшылардан қалған жол жазба деректерде, сипаттамаларда кездеседі. 629 ж. будда діндары Сюань-Цзян Суябтан Таразға бара жатқан жолда: «Цянь-цюань (Мыңбұлақ) 200 ли (қытайлық ұзындық өлшемі) жерді алып жатыр: оңтүстік жағы қарлы тауларға, қалған үш жағы жазық далаларға ұласады. Жері ылғалды, орман-тоғайы нулы, қызыл-жасыл желектері көктем айында масаты жібектей құлпырады. Мұнда мыңдаған өзендер мен көлдер бар, сол себепті осылай аталады» деп жазды. Меркі қаласы туралы мәлімет парсы тіліндегі деректерде Худуд-ал-Алемнің 982-983 жж. жазған тарихи-географиялық зерттеулерге арналған («Әлем шеғарасы») еңбегінде кездеседі. Қарлұқтардың (халұқтар) елі мен қалалары туралы айта отырып, бұл аймақ мұсылмандармен, яғни Мәуреннахрмен шектеседі, «Меркі – ауыл, онда халұқтар тұрады және онда көпестер келеді. Бұл ауылдар (Құлтан мен Меркі) арасында үш халұқ тайпалары тұрады, олар бистан, хаим, бириш» деп аталады дейді. XIX ғасырдың 50-жылдарынан кейін Оңтүстік Қазақстан жері Орыс империясының геосаясаттық аймағына кірді. Орыс әскерлерінің шығысқа қарай жылжуы 1864 ж. Әулиеата (Тараз) қаласын алуға әкеп соқты. Бұл оқиғаға дейін жаңадан құрылған Сырдария облысы Әулиеата уезіне кіретін аттас болыстың орталығына айналған Меркі бекінісін 1864 жылы көктемінде орыс әскері соғысыз алған. Ортағасырлық Меркі қалашығын алғаш рет Орта Азияға ғылыми сапармен келген және Шымкент, Тараз, Тарты (Құлтан), Меркі, Ыстықкөл жағасы, Іле аңғары арқылы өткен В.В.Бартольд 1893-1894 жылдары зерттеді. Ол Тарты мен Құланды және Меркі мен Меркі ауылындағы қалашықты бір деп жазған. 1964 жылы К.Байпақовтың жетекшілігімен Жетісу археологиялық экспедициясының Луговой бөлімі барлау қазбаларын жүргізді. Онда жасалған кесік қаланың жоғарғы қабаты XI-XIII ғасырларға жататындығын көрсетті. Жиналған археологиялық заттар (қыш) қаланың VII-XIII ғасырларда болғандығын дәлелдейді.

**Арнабай НҰРЖАНОВ,**  
Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты  
**Ералы АҚЫМБЕК,**  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты  
Anatili.kz

## Араб тілін білу маңызды ма?

Әлемдегі тыныштықты және тұрақтылықты бұзатын сан алуан соғыстарды, үлкен әлемдік діндер бастан өткізгендігі көпшілікке белгілі. Қазіргі таңда адамдардың басым бөлігі діни қоғамда өмір сүреді, соның ішінде тек мұсылмандар мен христиандардың өзі ғана әлем тұрғындарының тең жартысынан асады. Ал, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетіндегі Дін уағыз-насихат бөлімінің меңгерушісі, доктор Халид Фаним қазақ қоғамына төрт тілді (қазақ, орыс, ағылшын, араб.) білу қазіргі таңда маңызды дейді.

**-Халид Фаним мырза! Қазақстандағы дін тарихының оқытылуының маңыздылығы, қазіргі таңда адамдардың басым бөлігінің діни қоғамда өмір сүріп жатқандығынан. Алайда, мұсылман елдерін шарпыған соғыстардың, көпұлтты қазақ қоғамына жетпегені неліктен деп ойлайсыз?**

**-Х.Ф.** -Қазақстанның өзіне тән қайталанбас ерекшелігі бар екенін әлемдегі мемлекеттің басым бөлігі мойындаған. Қазақстан Республикасында 130дан астам ұлт, діни немесе нәсіл аралық қақтығысқа ұшырамай бейбітшілікте өмір сүріп жатқанына баршамаыз куәміз! Қ.Р. президенті Н.Ә. Назарбаев айтқандай: «Қоғамда ұлттың көп болуы айып емес, керісінше артықшылығынан.» Астана қаласында өртүрлі әлемдік дін басыларының қатысуымен 2003 жылдың Қыркүйек айында «Діндер аралық диалог» атты конференциясы өткізілді. Аталмыш конференцияға 13 мемлекеттен оның ішінде Европада, Азия, Африка және таяу шығыс елдерінен келген дін басыларымен жоғары лауазымды тұлғалардың қатысуымен өткізілді. Бұл конференция 3 жылда бір рет болып тұрады. Мінекей, бұл дегеніңіз қазақ өркениетінің дәстүрлі діндердің дамуына және әлемдік діндердің татулығын көздейтінің көрсетеді.

**-Онда сіздің ойыңызша, араб тілін үйренудің қазақ жастары үшін маңызы зор ма?**

**-Х.Ф.** -Қазақ қоғамына келесідегідей тілдерге аса мән берілуі керек. Олар: қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, араб тілі.

Қоғамдағы бейбітшілікті сақтайтын ой-пікірлерді іске асыру, өзге діндердің ерекшеліктерімен танысу, жергілікті басқару орталықтарына өзге дін ұйымдарының өкілдерімен тығыз байланыста болу үшін маңызды болмақ. Қазақстан халқы өз еліндегі тыныштығын, бейбітшілігін қуана мойындады.

**-Қазақ жұртшылығына болашақта қандай пайдасы болмақ?**

**-Х.Ф.** -Егер осы беттен тайынбасақ, сырттан келетін сан алуан ауыртпашылықтарға төтеп бере аламыз, әрі кейінгі ұрпаққа жарқын болашақ сыйламыз. Қазақ қоғамының отандық тарихын сақтап қалу үшін қазіргі таңда мектептер, жоғарғы білім беру институттары араб тілін үйретіп жатыр. Болашақта жалпы қолға алынып жатса, өте жақсы болар еді?!-деген пікір айтқым келеді.

**-Сізге мыңда бір алғыс білдіргім келіп отыр! Неге десеңіз? Қазақ қоғамының мүддесі үшін ойыңызбен бөлістіңіз. Сау саламатта болыңыз!**

**-Х.Ф.** -Сізгеде рақмет! Сау болыңыз!..

**Сұхбаттасқан: Қадірәлі САРЫПБЕК**  
Аудармашы: Серік ТӘЖІБАЕВ

# Құтты жерім - Меркі

Мың тарамданған кішігірім өзендер Меркінің солтүстігінде жатқан құмға барып сіңеді, құрдымға кетеді. Меркі, Қорағаты өзендерінің ортасында жатқан бұл мекен ықылым заманнан-ақ елдің құтты жеріне айналған. Егіншілік пен мал шаруашылығын, сауда мен кәсіпкерлікті қатар жүргізуге табиғаттың өзі жағдай жасағандықтан болар мұнда кәсіп те, сауда да, өнер де, ғылым да дамыған. Сондықтан да бұл өңірге ерте заманнан-ақ көп қызыққан, туын тігуге ұмтылған. Осы жерде берік бекініс жасап, орта ғасырдың інжу-маржанына айналған Баласағұн мен Таразға шабуыл жасаудың тиімді сәттерін күткендер де болған. Осы мақсатта Меркіден 15-20 шақырым жерде Аспарадай берік әскери қамал тұрғызылған. Меркінің Ұлы Жібек жолының негізгі қақпаларының біріне айналуының басты себептерінің бірі осы болса керек.

Алатаудың көкмайсалы бауырында, Тараз қаласының шығысында 150 шақырым жерде орын тепкен Меркі аты ғасырлардан ғасырларға осы атаумен жеткен. Оның аты тарихшылар мен саяхатшылардың аузына жиырма ғасырдан аса тарихы бар Таразбен бірге алынады. Сондықтан да бұл өңірде сыртқы жаудан қорғану үшін жан-жағын өзен қорғаған қылтаңақты жерде орналасқан ірі қорғандар мен биік дуалдары бар қалалар салынған. Бір ауданның аумағында атақ-даңқы әуелеген Меркі, Аспара сияқты қалалар орналасқан. Ал Меркі өзенінің жоғары жағында ЮНЕСКО-ның тарапынан қорғалатын тарихи, мәдени ескерткіштердің санатына енген Меркі түркі ғибадатханасының тарихымызда алатын орны ерекше.

Бұл өңірде аты тарихтан өшсе де, солардың сарқыты болып табылатын талай халықтар мен ұлыстар өмір сүрген. Меркі атауы түркі тілдес Түркеш мемлекетінің тарихымен астасып жатады. Бұл өңірді түркештердің қарасы да, сарысы да билеген. Ескендір Оңдасыновтың айтуынша, 738 жылы Шу және Іле бойын жайлаған қара және сары түркештер өзара билікке таласып, соғысуының салдарынан өзгеге жем болған. Түркештерден кейін Меркіні жайлаған қарлұқтар да түркі тілдес халық болатын. Бір нәрсе анық – Меркі өңірінің байырғы тұрғындары да, қазір де түркі тілдес халықтар болған. Мәселен, парсы тілінде жарық көрген «Һодуд әл-аләм» кітабындағы деректер бойынша «Меркі хәллохтар ( қарлұқтар) тұратын ауыл. Саудагерлердің де жолдары жиі түседі. Ол жерде қарлұқтардың үш тайпасы тұрады. Олар – биған, хім және бериштер (мүмкін кіші жүздің бериш руы болуы)». Осы кітаптың тағы бір жерінде былай дейді: «... Меркі мен Нуикста мұсылмандар мен түріктер өте көп шоғырланған. Бұл қалалар саудагерлер үшін өте ыңғайлы. ... Меркіде... түріктер басым келеді». 766 жылы түркештерді биліктен тайдырған қарлұқтар сол өңірді билеуде ықпалды қалалар Құлан мен Меркінің гүлденуіне және осы бекіністердегі әскерлердің қорғаныс қабілетін арттыруға ерекше назар аударды. Жалпы, бұл кітаптың тарихи деректері біз үшін аса қымбат. Яғни, X ғасырда жазылған кітапта «Тараз», «Меркі» атаулары кездеседі. Осыдан-ақ Меркінің тарихы тереңде екенін аңғару қиын емес.

Меркіні Меркі еткен қарлұқтар туралы да көп жазылған. Қазақстан тарихында «Қарлұқтар Тараздың шығыс жағында мекендеді. Олардың қарауында Құлан, Меркі қалалары болды», – деп жазылған. Араб тарихшысы Ибн-әл Факих «Китабах-бар әл-булдан» еңбегінде «Қарлұқтар – ежелгі түріктер» деп жазғанын еске алатын болсақ Меркі түркі тектес халықтардың

мекені. Қарлұқтар түркі тайпасының бір бұтағы болғанын ешкім жоққа шығара алмас. Қарлұқтар Тараз қаласының шығыс жағындағы Құлан, Меркі, Аспара, тағы да басқа кішігірім қамалдар мен қалаларды билегені белгілі.

Өлкені түркілер мекендегенін дәлелдейтін ғажап тарихи ескерткіштер де осында. Теңіз деңгейінен 3,5 мың метр биіктікте, Меркі өзенінің қайнарында, Әулие көлдің маңында, аңы мен құсы, табиғаты әлі бұзыла қоймаған көк шалғын жайлаудағы тарихи ескерткіштер «Меркі түрік ғибадатханасы» деген атаумен ғылымға енген. Көкпен тілдескен Тәңіртау – Алатаудың басына бұлт қонақтап, қар жауып жатса, ғибадатхана орын тепкен жер масатты кілемдей жайнайды. Мың бұрала аққан бұлақ, саф ауа, салқын самал бар болмысыңызды билеп алады. Ұлы бабаларымыз Жаратқанның ұлы күшін осында түсінгендей, мәңгілік өмірге осы жерден аттануды арман еткендей. Болмаса Алатаудың ұшар басына жақындап келіп, ұлыларын жерлемеген болар еді ғой...

Бұл ғибадатхананы алғаш рет 1895 жылы зерттеген орыс ғалымы И.В.Аничков өз еңбегінде балбалдарды тексергенін, оның бірнәшесін Ташкентке жібергенін жазады. Бұл ескерткіштердің түркі жан-дүниесін тануда алар орны ерекше. Бұл жөнінде ғалым Айман Досымбаева «Меркі – Жетісу түркілерінің киелі жері» атты кітабында жан-жақты және дәлелді дәйектермен айтқан. Айман Досымбаеваның басшылығымен жүргізілген археологиялық жұмыстың нәтижесінде бірнеше мүсінді қорған құрылыстары аршылған. Табылған 64 мүсіннің 31-і әйелге қойылған балбал тасы болды. Ерлер мүсіні кескінделген балбалдың түрі көп. Тіпті қолына қыргы ұстап тұрған да балбал бар. Әйел мүсінді балбал осында көп кездеседі. Рас, ғалымдардың сілтемесіне қарағанда, Күлтегін тасының маңынан әйелдің мүсіні де табылған. Әйел мүсінді балбал тас Қозы Көрпеш пен Баян сұлға орнатылған кесенде тұрғанын өзіміз кезімізбен көрген жайымыз бар. Сонымен бірге Меркі өзенінің бойынан табылған тас мүсіндерден көне түркі жазбаларын да кездестіруге болады. Ойтал өзенінің жағалауынан табылған жазуды профессор А.Аманжолов «Менің өлімім-қайғы» деп оқыпты. Ғалымдар мұндай жазуы бар балбал тастар тек Оңтүстік Сібірден табылғанын айтады. Бұл нені меңзейді? Сол өңірде де біздің ата-бабаларымыз мекендеген дегенге жетелей ме? Мүмкін. Өйткені қазір сол өңірді мекен еткен жақұт, сақа жерінде бізге таныс әуен де, жер-су аттары да көп. Өздерін түркілерміз деп айтатындар да аз емес.

Меркі ауданының орталығында биік қорғанның орны ерекше көзге түседі. Қорғанның биіктігінен оның айнала-сында өткел бермес өзеннің болғанын аңғару қиын емес. Ғалымдардың топшылауынша, Меркі қорғанының негізі тас дәуірінде қаланған деген мәлімет бар. Бұл қорғанға айтарлықтай қазба жұмыстары жүргізілмеген. Алайда ішнара жүргізілген қазба жұмыстары бұл қамал ірі елді мекеннің орталығы болғанын аңғартады. Су ағар құбырлар мен керамикалық бұйымдардың қалдықтары, шырағданның көптеген үлгілері табылған. Бұл Қазақстан аумағында кездесетін ортағасырлық қалалардың бәрінен табылатын жәдігерлер.

Біздің эрамызға дейінгі бірінші ғасырда сақ, үйсін, қаңлы, ғұндар салған қалалар Қытай шапқыншылығы кезінде қиратылды. «Одан кейін, – деп жазады белгілі ғалымдар М.Мырзахметұлы мен И.Жеменей, – яғни біздің эрамыздың VI ғасырына дейін Сырдария мен Жетісу өлкесінде Тарбан, Тараз, Испиджаб, Суяб, т. б. көптеген қалалар өсіп жетілді. Ал VII-X ғасырларда бұл өлкелерде Барысхан, Талхир, Баласағұн,

Меркі, Құлан, Шелже, Шаш, Сүткент, Отырар, Шарғар, Сауран, Сығанақ, Жент, Жаркент, тағы да басқа көптеген мәдени және сауда орталығы саналған ірі қалалар пайда болды. Әйгілі Жібек жолы осы қалалар үстінен өткен...». Бұдан да басқа айтылған пікірлерді саралай келгенде Меркі қаласы 700-ші жылдардан кейін айналаға таныла бастаған сияқты. Мәмбет Қойгелдиевтің айтуынша «751 жылы шілде айының 31 жұлдызында Тараз қаласына іргелес жатқан Атлах бекінісі маңында бүкіл Орталық Азия тағдырына терең ықпал еткен Атлах-Талас шайқасы болды. Шайқаста араб-қарлұқ-түркеш құрама қолдары қытайдың таңдаулы әскерін тас-талқан етіп жеңіп, оның батысқа жылжуына тосқауыл қойды». Міне, осы шайқасқа Тараздың сол кездегі негізгі тұрғындары қаңлылармен бірге Құлан, Меркі, Аспараны тұрақ еткен, кейінірек Таразды астана еткен бауырлары қарлұқтар мен түркештер де қатысқаны анық. Себебі алғаш қарлұқ, түркеш мемлекеттері Меркіні астана еткен еді. Бір сөзбен айтқанда, Меркі және Құлан қалаларының тағдыры Түркеш, Қарлұқ мемлекеттерімен сабақтас. Ал бұл мемлекеттердің VIII ғасырдың ортасынан соңына дейін билік құрғаны белгілі. Түркештерді биліктен тайдырып, өлкеге әмірлігі жүрген қарлұқтар Құлан мен Меркіні негізгі қалаларына және ірі әскери бекінісіне айналдырды. Ерекше қарқынмен дамыған бұл екі қалаға сырттан көз тіккендер көбейе бастады. Қарлұқтар билік басына келместен бұрын да бұл қалалардың сол өңірге билік жүргізуде шешуші рөл атқарғаны анық. Жоқтан бар болмайды, тек бір күйден екінші күйге айналатынын еске алатын болсақ, Меркі сол заманда өңірге билік жасау үшін аса қажетті қақпа болған. 751 жылы Құлан мен Меркіге арабтар шабуыл жасағанда да сол қақпаға ие болуды армандаған еді. Тура осы кезде олар жерлеріне басып кірген қытайларға бірлесе шайқасты. Қытайды жеңгеннен кейін олар қайтадан майдан алаңына шықты. Осындай аласапыран кезде билікке келген қарлұқтар арабтармен ұзақ жылдар бойы шайқасып, ақыры жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен олар өңірдің тез арада дамуына жол ашты. Соның нәтижесінде «Һодуд-әл-аләм» кітабындағы деректер бойынша, түрік билігіне енгізілген аймақта отызға жуық қалалар мен қамалдар бой көтерген. Олар – Құлан, Меркі, Атлах, Тұзын, Балығ, Барсхан, Секел, Талғар, Тоңғы, Пенчул және тағы да басқалар. Отырықшылыққа бейімделген халық сол кездері арпа, күріш, тары, бұршақ, жүзім екендері археологиялық қазбалардан белгілі болып отыр. Құланнан, Меркіден, Аспарадан табылған жәдігерлерге үңілсек, бұл өлкеде тамақ өнеркәсібімен бірге қолөнер ерекше дамығанын байқауға болады. Соның сарқыншақтары әлі де сақталған. Меркі жүзімінен жасалған шарап кезінде өте бағалы әрі сапалы болғаны белгілі. Әсіресе сол кездері осы өңірде дамыған мата тоқу өнері кімді болса да қызықтырған. Сонымен бірге ағаштан, сүйектен жасалған бұйымдар көздің жауын алатындығы жөнінде Таразды жырлаған шығыстың шайырларының өлеңдерінен жиі кездестіруге болады. Ал Тараз бен Меркінің арасы бір күндік жер екенін еске алатын болсақ, бұл өңірде де өнер мен ғылым дамығаны сөзсіз. Бір сөзбен айтқанда, Қарлұқ мемлекеті өмір сүріп тұрған кезде Меркі ерекше дамып, оның атағы алысқа кеткен. Сондықтан да кейінірек Ақсақ Темір жаугершілігін алдымен осы Меркіден бастаған. Кейінірек атасының арманын жүзеге асыру үшін Ұлықбек те Меркіні шапқан, Аспара қорғанын әскери бекініс ретінде нығайтқан.

Қанша дәуірлеп, дамығанымен ағайындардың ішкі алауыздығынан 940 жылы қарлұқтарды бауырлары, тілдестері

қараханидтер тарих төрінен ысырды. Дәл осы кезде Меркі қиратылды. Алайда кейінірек Меркі қайтадан бой көтереді. Бірақ, моңғолдар Таразды жермен-жексен еткендей Меркіні де тағы қиратты. Меркі одан кейін де бой түзеді. 1716 жылы Ираннан шыққан «Қырғыз хандарының тарихы» кітабында мынандай жолдар бар: «Меркі ескі қала Тараздан шығатын жолдың бойында орналасқан. Аспара қамалынан 15-16 шақырымда. Қала кішігірім өзен бойында биік төбеге орналасқан. Мешіті, керуен сарайы, жақсы базары бар...». Яғни осыдан-ақ Меркінің қайта даму жолына түскенін, сол маңайда билік жүргізуде шешуші рөл атқарғанын аңғаруға болады. Ұлы Жібек жолымен жүрген керуен де, саяхатшы да Меркіні айналып кетпегенін аңғаруға болады.

Ал Меркі жеріндегі Аспара туралы ерекше айтқан жөн. Аспара қаласы Қазақстан мен Қырғызстанның шекарасы түйіскен жердегі Андас батыр ауылында орын тепкен. Алатаудан құлайтын өзен қаланы сыртқы жаудан қорғауға қызмет істегені де анық. Аты Тараз, Меркі, Испиджаб (Сайрам) қалаларымен бірге орта ғасырдың қалаларының қатарында аталатын Аспара туралы аңыз да, жыр да көп. Солардың бірі қазіргі күні Түркияны мекен еткен хан Аспарухтың арғы тегі осы өлкеден шыққан деген сөз бар. Аспара өзенінің жағасында орналасқан ортағасырлық қаланың алып жатқан аумағы өзімен қатарластардың бәрінен үлкен. Үйінділердің биіктігі 20 метрге дейін жетеді. Қалаға археологиялық зерттеулер жүргізілген ғалымдар көптеген құнды материалдар тапқан. Қала туралы мәліметтер ортағасырлық саяхатшылар мен араб, қытай тарихшыларының жазбаларында жиі кездеседі. Мәселен, тоғызыншы ғасырда арабтар Жібек жолының бойындағы елді мекендер мен жер, су аттарының картасын жасаған. Олардың осы картасында Аспараның аты аталып, тұрған жері, оның Тараздан, Баласағұннан қанша қашықтықта орналасқаны туралы айтылған, жазылған.

Ал XIV ғасырда Аспара үшін сұрапыл қантөгісті соғыстар басталды. Бұл Алтын Орданы қиратып, қан тамған қылышын шығысқа қарай сілтеп, Моғолстанға қарай сырғыған түркі халқын өзіне толық бағындыруды және Қытайды қырып, тағын күшейтпек болған Ақсақ Темірдің билік құруымен тікелей байланысты. Әмір Темір қанша қуаттымын дегенімен түркі халықтары өздерінің ата-баба жерлерін босату үшін оқтын-оқтын оның иелігіне өткен жерлерге ат тұяғын дүрсілдетіп, шабуыл жасаумен болды. Міне, осы кезде Шу мен Таластың ортасында сырғи аққан Аспараның жағасында, Алатаудың баурайында орын тепкен Аспараны нығайтып, биік қорғандар салып, осы жерді сауыт-сайманы түгел мыңдаған атты әскердің мекеніне айналдырады. Ақсақ Темірдің осы әрекетін оның шежірешісі Арабшақ былай жазыпты: «...Олар сол жерлерге жеткен соң жазық далаға орнығып, бірнеше қамал салды. Қамалдың ең шеткісі әрі шалғай, жеке тұрғаны – Аспара. Олар Аспараны алынбас қамал, шабуылға шығуға әрқашанда ыңғайлы берік бекініс жасады...», «Аспарада 10 мыңға дейін атты әскер тұрды» деген мәліметті де солар айтады. Ал Әмір Темір елгеннен кейін Аспараға ұмтылған моңғолдардан қаймыққан бекіністің әскер басшысы Алладад қамалды тастап, қотарыла көшіп, таулардан асып, өзендерді жалдап оңтүстік шығысқа қарай бет алады. Тарихта олардың қоныстанған жері туралы әртүрлі мәліметтер бар. Бірақ бұл өңірге көз тігу бір сәт те тоқтаған емес. 1425 жылдары Ақсақ Темірдің немересі Ұлықбек Аспараны қайтарып алуға ұмтылған.

Тарихшы, археолог Карл Байпақовтың айтуынша, Меркі жерінде, оның ішінде

Аспара үшін шайқас сол кездері бір толастамаған. Қазба жұмыстары көрсеткендей, бір-біріне жапсыра салған үйлердің қабырғалары өртенгенін көруге болады. Сонымен бірге жебе мен найза ұшын көптеп кездестіресіз. Ал Аспараның тұрғыны көп болғанын қамалдың орнындағы қауыздардан, құдықтардан байқауға болады. Аспарада қазба жұмыстарын жүргізген археологтар сиырдың жауырын сүйегіне жазылған түркі тіліндегі жазбаны тапқан. Жауырындағы жазба XV ғасырда жазылған болып шықты. Онда мынандай сөздер бар: «... Қошқарлық Хасанды қайғырып жоқтаймыз. Аһ! ... Құлүй Маулауи бекті қайғырып жоқтаймыз Аһ!... Ұзын Омар да қайтыс болды ... қайғырып жоқтаймыз. Аһ...» Араб хариімімен жазылған осындай жазулар жалғасып кете береді.

Археологтар Аспара қамалынан әбден өңделген қойдың омыртқаларын тапқанда ерекше таңғалды. Себебі омыртқа не үшін, неге өңделген? Бұл сауалға нақты жауап жоқ.

Тараз, Құлан, Меркі, Аспара өңірін құлазытқан, қиратқан өмір Темір болды. Ол алдымен Ақ орда, одан соң Алтын орда тағына ұмтылды. Бұл шын мәнінде түрік тілдес, тектес халықтардың мемлекеттік құрылымының әлсіреуіне, жойылуына жақындатты. Сол кезде Шыңғысханның Тараз, Құлан, Меркі, Аспара өңіріне билігін жүргізетін Шағатай ұлысы өзіне төніп келе жатқан қатерді сезді. Алайда олардың әрекеті көңілге қонбады. Өзінің басына төнген қауіптен құтылу үшін, бірлігі мен ынтымағы бұзылған ұлысты қайта біріктіру үшін өзге мемлекетке шабуыл жасады. Осыны пайдаланып Әмір Темір Ақ орданы да, Алтын орданы да, Моғолстанды да бөлшектеп, быт-шыт етті. Ақыры XV ғасырдың басында Әмір Темір дегеніне жетті. Сөйтіп, кезінде атын айтудан қорқатын мемлекеттерді өз ұрпақтарына ұлыс ретінде билікке берді. Б.Бартольдтың жазуынша, Әмір Темір Сайран, Ианги (Тараз), Құлан, Аспараға иелік етуді ғалым немересі Ұлықбекке берді. Тарихшылардың айтуынша Ұлықбек бұл өңірде егіншілікті дамытуға баса назар аударып, қала мәдениетін жоя бастағандай. К.А. Пищулина «Оңтүстік-Шығыс Қазақстан XIV ғасырдың ортасында XVI ғасырдың басында» атты кітабында осы екі ғасырдың тоғысында Оңтүстік шығыс Қазақстан ежелгі қалалық мәдениетінен түгел айырылды дегенді айтады. Рас, Ұлықбек өз ұлысының ең алыс соңғы мекені Аспараны әскери қамалға айналдыру үшін көп тер төккені белгілі.

Бәрі өтпелі. Әмір Темір де, Ұлықбек те мәңгілік билік құра алмады. Түркі халықтары бірте-бірте шағын топтан ірі мемлекеттік дәрежеге дейін көтерілгендей болды. Моғолстанға күш көрсететіндей деңгейге көтерілген Әбілхайыр хандығы шаңырақ көтерді. Алайда алауыздық тағы да оны ірітті, шірітті. Соның салдарынан олардың өмірі де ұзаққа бармады. Әбілхайырмен сыйыса алмаған кейбір ру басылары мен тайпа жетекшілері іргесін кейінге ысыра берді. Осы сәтте «біз қазақпыз» деген Жәнібек пен Керей сұлтан бастағандар өздеріне қаны да, жаны да жақын Моғолстан мемлекетіне жақындап барып, Таразды айнала өтіп, Құлан мен Меркіні, Аспараны артқа тастап, Шу бойына, Қозыбасыға келіп, өз хандықтарының туын тікті. Осылайша Меркі, Аспара, ежелгі Баласағұн, Жетісудің шетінде қазақ ұлысы шаңырақ көтерді.

Тарихшыларымыз қазақ мемлекеттілігінің Керей мен Жәнібек Шу мен Талаз атырабында іргесін қалаған жаңа хандықтан басталатынын айтып жүр.

Не десек те, XV ғасырда Орталық Азия мен Қытай, Ресей «қазақ» деген елді таныды. Керейдің тұсында орда орнықса, Жәнібектің тұсында нығайды. Ал Қасымханның билік құрған кезінде

хандықтың іргесі кеңіді. Сыр бойындағы қалалар қазақ хандығының иелігіне өтті. Түркістанда қазақ туы желбіреді. Міне, осы тұста Меркі мен Аспара қайта бой көтергендей болғанымен бұрынғы деңгейіне жете алмады. Ұлыстар мен рулар арасындағы алауыздық олардың даму жолын тежеді.

Аласапыран жылдар жалғаса берді. Бірақ қазақ аты да, жері де тарихтан өшпей ғасырлардан ғасырларға жалғасты. Қазақ жерінің оңтүстік шығысы заман ағымымен бірде дәуірлеп, айы мен күні жарқырады, енді бірде аспанын қара бұлт торлады, жерін жауы бауырына басты. Талай жан беріп, жан алған шайқастар өтті. Қазақ жерін шаңдақ еткен талай жау жер жастанды. Тіпті жаугершілікті ұран еткен халықтар жер бетінен жойылып, жұрнағы өзгелердің табанында тапталды. Енді бірі байырғы жерінен айырылып, өзге мекенді бауыр басты. Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», билеріміздің көсемдігі халқымыздың бірігуіне бастады. Ашығын айтқанда, қазақтың бүкіл тарихы бірігу тарихы. Сол үшін бауырын жатқа қиып, жатты бауырына басты.

Ел бірлігін, жер тұтастығын сақтап қалу үшін батырларымыз Атыраудан Алтайға, Қаратаудан Арқаға егулі найза қолға алып, еңку-еңку жер шалды. Мұның көрінісін де Меркі жері көрді, халқы басынан өткізді. Соның елеулісі, жүректі сыздатып ауыртатыны – қонсы жатқан қырғыз бауырлардың жоңғарлардан тазартылған жерге ентелей еніп, билік жүргізгені. Бұл туралы қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов былай жазды: «Қазақтардың ендігі жауы Түркістанды, Созақты, Сайрамды, Шу мен Ташкенттің арасындағы және басқа да қалаларды қазақ сұлтандарынан тартып алып қойған қу қырғыздар еді... 1770 жылы Абылай қырғыздарға аттанды... Бұл жайында «Жайыл қырғыны» атты аңыз күні бүгінге дейін бар». Қазақ ханының қырғыздарға аттанбасына амалы қалмаған еді. Алғаш жоңғардай алпауыттың түбіне жетіп, жайпаған қазақ ханы да, батырлары үшін де жаудан қанмен босатылған жерге қонсы отырған, кейде ортақ жауына бірге аттанған қырғыздардың отарлауы, барымталап малын айдап, әйелін күң ете бастауы шын мәнінде ойламаған жағдай еді. Ағайынгершілікке шақырды. Бұл істе Іленің бойынан келіп, Меркі өңірін жайлай бастаған Дулаттың Ботпай баласының ру басылары тілдерінен шырып, бөтуалы сөздерін тамызып айтып бақты. Алайда қырғыздар сөзге тоқтамай, «Батыр болсаң, шайқасқа шық! Бос жатқан жеріңді бізден аясаңдар, қанға бөктірейік!» деп доқ көрсетумен болды. Бұл кезде жас құрақтай желкілдеп өсіп келе жатқан қораластың жас жолбарысы Жауғашты ру көсемдері Арқада жатқан Абылай ханға дұғай сәлем айтып, көмек шақыруға жібереді.

Хан Абылай алғаш Жауғаштың айтқанына айтарлықтай мән бермейді. Бірақ жас жолбарыс хан ауылынан алыстамай, ел ағаларына мән-жайды түсіндіріп, ортаға соларды салады. Ақыры хан әскеріне атқа қонуға бұйрық береді. 1770 жылдың көктемінде Абылай ханның сарбаздары ат басын Тәшкенге тірейді. Меркіге дейінгі жол бойы қырғыздарды тықсырып, Қорағаты өзенінің жағасына келіп шатырын тігеді. Бұл кезде Құлан да, Меркі де қырғыздардың қол астында болатын. Бұл туралы Белек Солтанаевтың «Қызыл қырғыз тарихы» атты кітабының екінші томында былай деп жазған: «Көктемде Абылай Тәшкеннен келіп, Меркінің батыс жағында Қорағаты өзенінде Түйіскен деген жерде қолымен жетіп, тоқтаған соң «қырғыздың жауабын алып кел!» дейді. Ханнан бұйрық алған Жауғаш солты руының қырғыздары Жайыл мен Момақанға сөйлесіп, олармен келісе алмай, көңілі бұзылып қайтқан... Жауғаш қырғыздың келіспегенін айтқан соң Абы-

лай Меркінің жанындағы Мөңкенің Ақшііне туын тігіп, солтыға шабуыл жасаған. Бейқам жатқан солтылар жан аямай соғысса да жеңіліп, ұрыс кезінде Жайыл батыр, Теке және Итеке деген үш баласымен қазақтардың қолына түскен». «Бейқам жатқан солтыларға көмекке қырғыздың күбілек, қолпаш руларының сарбаздары Меркіге қарай асықпаған болар еді. Оларды да және өзгелерін де жеңген қазақтар ру басылары мен батырларын Үш Қайыңдыға жинаған. Бұл жеңіске Олжабай, Байғозы, Жарылғап, Жәнібек бастаған Арқа батырларымен бірге Қойкелді, Бердіқожа, Өтеген, Сәмен, Рысбек, Мәмбет, Жауғаш, тағы да басқа түстік батырлары ерекше ерліктерімен үлес қосты. Кейбір деректерге сенсек бұл шайқасқа Қабанбай, Бөгенбай, Саңырақ, Елшібек батырлар да қатысқан сияқты. Осылардың ерен ерліктерінің нәтижесінде қазақтарға әбден тізесі батқан Садыр хан бастаған қырғыз батырлары мен көсемдері де тұтқынға түскен болатын. Аңыз бойынша қазақ жерін жаулап алып, бас көтергендерінің басын шауып, құрыққа ілген Садыр алдымен дарға асылады.

Абылайдың осы жорығынан кейін ғана қырғыздар аяғын тартып, Алатаудан бері аспайды. Бірақ жергілікті мәні бар шайқастар мен барымталар ұзақ жылдар бойы тоқтамады. Оған дәлел 1785 жылы шанышқылы Бердіқожа батыр қырғыздарды көп әскермен және қытайлардың көмегімен шапқаны жөнінде орыс тарихшылары жазып жүр. Дегенмен де бір нәрсенің басы аршық, ол – қазақ пен қырғыздың ынтымағын, достастығын нығайтуда Меркі өңірі де, оның азаматтары да шешуші рөл атқарды. Жоғарыда айтылған «Жайыл қырғыны» кезінде де Абылайдың қаһарынан қаймықпай Жайыл батырдың ұрпағын, қазақ пен қырғыздың достығын сақтап қалуға Жауғаш батыр үлкен үлес қосқаны тарихтан белгілі. Осы дәстүр Абылайдың немересі Кенесары кезінде де жалғасын тапты. Бұл жолы Сыпатай батыр ерекше жарқылдады. Бұл кезде заман да, заң да өзгеше еді. Тап осы жылдары қазақ орыс империясының бұғауына түскен, одан бұлқынып еркіндік таңына ұмтылған Кенесары сияқты тұлға тәуелсіздік туын тігу жолдарын іздеп бақты. Арқада аласұрып, орыс бекіністеріне шабуылдағанымен одан ешнәрсе өнбеді. Жаппай қолдау таппаған, қаруы мылтықтан аспаған қазақтардың Кенесары бастаған батыл шоғыры оңтүстікке қарай ойысқаны тарихтан белгілі. Ол кезде де бұл өңір өзгенің езгісінде болғанымен анау айтқандай отаршылдықтың ащы дәмін тата қоймаған болатын. Қоқандаған Қоқанға аздаған салым төлеп, өздерінше өмір сүріп жатқан.

Кенесары алғаш Іле бойын жағалағанымен өзінің бастапқы ішкі ойын жүзеге асыру үшін қырғыздарға жақындай түсті. Ол үшін Ұлы жүздің ең көп тараған Дулаттың ұрпақтарына шақырту жіберді. Олар көпкүттірмей-ақ «Хан ием» деп бас иіп келіп сәлем берді. Ел арасындағы аңызға құлақ түрсек, бәленің басы осы сәлем беруден басталса керек. Хан ордасына кірген Байзақ, Құдайберген датқаларға, Сыпатай мен Андас батырларға хан жүзін бермей, сәлемдерін қолының ұшымен ғана алып, аса үлкен төкаппарлық танытса керек. Сөз жараспаған соң іс оңсын ба?! Сонымен бірге шақырту алған қырғыздар «тұрысатын жеріңді белгілей бер» дегендей үнсіз қала берді. Қаһарына мінген Кенесары қырғыздарды өзіне тәуелді етудің ұтымды жолдарын іздестірді. Осы орайда Әбіш Кекілбаев «Талайғы Тараз» кітабында былай дейді: «Хан алдына қол қусырып кіріп-шыққан ешкім болмады. Күдер үзген Кенесары Меркіні шауып, сол арадан асу асып, қырғыздар арасына дендеп кіріпті». Осыған қарағанда сол жылдары қырғыздың иелігінде болған сияқты. Алайда өлкетанушылар Әбіш Кекілбаевтың бұл

пікірімен келісе бермейді. Олар қазақтар Қоқан хандығына тек салық қана төлеп тұратын дегенді алға тартады. Не десек те Кенесары жеңіске жету үшін күш қолдану қажет деп шешкен. Сондықтан да алдымен ол күшпен қырғыздарды көгендей бастады. Олар оған да көнбеді. Жан аямай шайқас салып, Кенесарыға қыр көрсетіп, барымтаны күшейтті. Кенесары да қарап жатпады, қырғыздың беделді билерінің, батырларының ауылын қатыгездікпен шаба бастады. Осы кезде Сыпатай батыр хан алдына келіп, шектен тыс қатыгездік ойлаған ойын жүзеге асыруды қиындататынын айтып бақты. Сонымен бірге қоңсы отырған екі ел құда-құдандалы екенін, сондықтан да қарамағындағы батырлардың қырғыздармен шайқас алаңына шығатыны шамалы екенін ашық айтты. Хан бетін қайтара алмаған батыр ауылына аса қапаланып қайтты. Ханның ісі де оңбады. Жергілікті халықтан толық қолдау болмағанын түсінген ханның қапаланатын жөні бар еді. Бұл кезде астыртын жұмыс жүргізген орыстар да мысық табанданып, жақындап қалған еді.

1846 жыл Кенесары қолы мен артынан ерген жұрты үшін аса ауыр болды. Қырғыздар малын барымталап, ауылдарына шапқанды қоймаса, жергілікті халықтың батырлары мен ру басылары үнсіз жатып алды. Қатарлары сиреп, артынан ерген батырларының арасына алауыздық іріткі сала бастады. Осындай күндердің бірінде қазақ ханының ордасын ойламаған жерден шапқан қырғыздар дегеніне жетіп, Кенесары мен Наурызбайды, Ержан сұлтанды және басқаларды тұтқындады. Ағыбай бастаған аз ғана топ Арқаны бетке алды.

Меркі жері бұдан соң да тыныштық көрмеді. Қоқан хандығы Меркіні қайтадан әскери қамал ретінде нығайтуға күш салды. «Осы жерді мекен етеміз» деген Жауғаш батырдың бауырлары Меркіге толық билік құра алмады. Алайда бұл кезде Ресей қазақ, қырғыз жеріне сыналап кіру жоспарын жүзеге асыра бастаған болатын. Алматыны алған орыс әскерлері Ұзынағаштан өтіп, Тоқмақты құрықтады. Одан соң Меркіге ауыз сала бастады. Бұл кезде Аспара төмпешік болып, өткен күннің тарихын ішіне бүгіп жатқан болатын.

1860 жылы орыс полковнигі Циммерман бастаған отаршылдар қырғыз жеріне қанды жорығын бастады. Сол жылы тамыз айында Меркінің жанындағы Тоқмақты алған ол енді Бішкекке қарай жортты. Осы кезде подполковник Колпаковский бастаған орыс әскері Ұзынағашта қоқан сарбаздарына қатты тойтарыс берді. Ал полковник Черняев Қоқан хандығының қарамағында болған Созақты, Шолаққорған мен Шымкентті басып алып, Әулиеатаға туын тігуге ұмтылды. Черняев алдымен Құланды алып, Циммерман әскерімен Меркіде 1864 жылдың 24 мамырында түйісті. Орыс әскерінің арасында Шоқан Уәлиханов та бар еді. Ол Алатаудың бөктерінде орналасқан Меркі өңірінің тыныс-тіршілігімен танысты. Сонымен бірге ол төренің ұрпағы ретінде қырғыз-қазақ арасында жылдар бойы шешілмей келген дау-дамайды шешуде бас би болып, әділ шешім қабылдағанын М. Чернев жоғары жаққа жолдаған хатында тәпшітеп жазыпты. Сол кезде отаршылдар қатарында болған орыс әскері М.Знаменский Меркі бекінісінің суретін салса, ғолым-зоолог Н. Сверцев өз мамандығы бойынша зерттеу жұмысын жүргізді. Соған қарағанда XIX ғасырда да Меркінің бағы таймағанын, шетелдіктерді таңғалдыратын көрінісі болса керек. Есесіне орта ғасырдың осы өңірдегі ең ірі қамал-қаласы болған Аспара туралы ауыз ашпайды. Осыдан-ақ Аспара тарих аренасынан кеткенін, оның күні өткенін аңғаруға болады...

## Нұр Мүбәрак Қазақстандағы жастардың қорғаны

1993 жылы Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтің Египетке сапары кезінде – екі мемлекеттің президенттерінің кездесуінде, Алматы қаласындағы Нұр Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университетін ашу жайлы жоспарланды. Ол үшін Алматыдан 6 гектар жер бөлінді. 1993 жылы 16 маусымда Н.Ә.Назарбаевпен Египет араб республикасының министрі Мұхаммед ал-Махжубтың университет қалашығының рәсімі өтті. Еліміздегі тұңғыш исламдық оқу орнының қысқаша тарихы осы!?. Бірақта университет жайлы, Дін уағыз-насихат бөлімінің меңгерушісі, доктор (PhD) Халид Фаним мырзамен сұхбаттасқан едік.

**-Университеттің тарихына келер болсақ, тарихы өте терең! Қай жылы университетті ашпақшы болды?**

**-Х.Ф.** –Иә! Екі мемлекеттің үкіметаралық келісіміне сәйкес, құрылған қамқоршылар алқасы шешімімен университет жарғысы бекітілді. 2001 жылдың 1-қыркүйегінен сабақты бастау туралы шешімі қабылданды. Оқу орны ҚР-ның заңдары, екі ел үкіметтерінің университетке байланысты келісімі және өз жарғысы негізінде жұмыс істейді.

**-Университетте қанша кафедра бар? Қай салаларда оқытады?**

**-Х.Ф.** –Оқу орнында «Исламтану», «Араб философиясы», «Гуманитарлық және жаратылыс тану» атты үш кафедра бар. Исламтану мамандығының төрт жылға арналған оқу жоспары жасалынып, бекітілді. Онда мамандық беруде бітірушілердің имам болып, дін саласында қызмет атқаратындығы ескеріліп, Құран Кәрім, хадистану, фикһ, уағыз-хатыб т.б. пәндерге көп орын бөлінген.

**-Египеттегі әлемге әйгілі Әл Азһар университетімен бірлесіп жұмыс жасайды ма?**

**-Х.Ф.** –Негізі Нұр Мүбәрак Университеті әлемге әйгілі Әл Азһар университетінің филиялы болып табылады. Бұл жерде Әл Азһар университетінің Исламтанушы докторлары мен профессорлары білім береді. Ислам қағидалары дұрыс негізінде Құран мен сүннетке лайықты түрде түсіндіріледі. Сенім мәселесінде Имам Матуридидің және Нұғман ұлы Имам ағзам Абу Ханифаның ұстанған бағытын ұстанады. Осында оқитын жас жеткіншектердің ақыл ойларын Әһли сунна уал-жамағатының сенімімен азықтандырады. Сондай-ақ уағыз айту тәсілдері, ислами тәрбие, тәпсір ілімі және хадис ілімі, фикһ және фикһ негіздері, араб тілі, дінтану, гуманитарлық пәндер оқытылады. Білімге ынталы студенттер бұл жерді бітіргеннен кейін, ары қарай магистратура және докторантура бойынша білімін жалғастыра алады. Ең бастысы, Қазақ еліне дұрыс түсініктегі Ислам дінін жеткізуге кіріседі. Осылайша, Нұр Мүбәрак Египет Ислам университетінің қадамы ары қарай нығая түспек.

**-Еліміздегі дін саласын тәрбиелейтін университетімізге мол табыс тіледік! Сіздердей ғалымдар аянбай тер төгіп, еңбек етіп, шәкірттеріңіздің жемісін көріңіздер!..**

**-Х.Ф.** –Айтқаныңыз келгей! Әумин! Сіздердің де істеріңізге береке тілеймін!  
Сұхбаттасқан:Қадірәлі САРЫПБЕК

## В Жамбылской области готовятся к паводкам



**В Жамбылской области готовятся к паводкам. В полную готовность к оперативному реагированию в паводковый период приводятся силы и средства департамента по чрезвычайным ситуациям, передает корреспондент МИА «Казинформ».**

Как сообщили в пресс-службе ДЧС Жамбылской области, в облакimate состоялось заседание комиссии по предупреждению и ликвидации чрезвычайных ситуаций. В обсуждении превентивных мер участвовали представители департамента по ЧС, местной полицейской службы, управлений здравоохранения и образования, филиалов РГП «Казгидромет» и «Казводхоз», филиала АО «НК КазАвтоЖол», РГУ «Шу-Таласская бассейновая инспекция», госорганов. Представители городского и районных акиматов приняли участие в режиме селекторного совещания.

В ходе заседания были обсуждены вопросы проводимых в Жамбылской области мероприятий по предотвращению

угрозы подтопления населенных пунктов в период весеннего паводка.

«Всем руководителям заинтересованных государственных и негосударственных органов даны поручения привести в состояние готовности гидротехнические, защитные сооружения и арычно-дренажные системы. В случае поступления штормовых предупреждений от филиала РГП «Казгидромет» незамедлительно через операторов сотовой связи должно быть оповещено население области, а также руководители объектов хозяйствования, о возможной чрезвычайной ситуации. Отработать запуск электросирен, поддержание телерадиовещания, передачу текстовых SMS-сообщений, размещение информации на ведомственном интернет-сайте, мобильных приложениях для смартфонов. Рекомендовано привлечь оперативный автотранспорт служб экстренного реагирования, а также использовать подворовой обход в тех местах, где отсутствуют технические средства оповещения», - рассказали в пресс-службе ДЧС Жамбылской области.

Помимо этого, дано поручение с уче-

том предварительного прогноза Казгидромета на март 2021 года определять и предоставлять информацию о запасах снега, безопасных объемах водоемов и обеспечить постоянный контроль за их наполнением. При необходимости следует предварительно освобождать водоемы, приняв меры для создания свободных объемов по приему паводковых вод в водохранилищах.

«Только ответственная и слаженная работа всех учреждений и организаций приведет к недопущению паводковых угроз», - резюмировал председатель областной комиссии по предупреждению и ликвидации чрезвычайных ситуаций Улан Жазылбек.

Отметим, что на территории области формирование значительных зон затопления возможно при выходе воды за пределы пойм рек Шу, Талас и Аса. Не исключено прохождение локальных грязеселевых потоков по рекам Каракунуз, Ргайты, Аспара, Мерке, Каракыстак, Каинды, Аксай и Коксай. Это касается пяти предгорных районов (Жуалынский, Меркенский, Рыскуловский, Кордайский, Таласский). При резком повышении температурного фона возможны интенсивные склоновые стоки во всех районах области, а в связи с резким таянием снега можно ожидать большое поступление воды в водохранилища.

В регионе имеются 14 водохранилищ, представляющих потенциальную опасность для населенных пунктов и хозяйственных объектов области. Это Терс-Ащибулак, Тасоткель, Какпатас, Аккол, Ынталыталы, Каракоңыз и Кировское водохранилища, которое находится на территории Кыргызстана. В случае прорыва плотин этих водохранилищ может возникнуть угроза подтопления 72-х населенных пунктов с численностью населения более 234 тысяч человек. Кроме того, выявлено 38 населенных пунктов, где возможны подтопления паводковыми и тальми водами.

Inform.kz

## Онлайн-занятия для студентов-юристов проводят жамбылские полицейские

**Онлайн-занятия для студентов-юристов проводят жамбылские полицейские. Как добыть максимум информации о совершенном преступлении и раскрыть его – об этом студенты юридических факультетов вузов Жамбылской области узнают во время занятий, которые проводят жамбылские полицейские, передает корреспондент МИА «Казинформ».**

По информации пресс-службы департамента полиции Жамбылской области, сотрудники следственного и оперативно-криминалистического управлений департамента полиции Жамбылской области продолжают практику проведения онлайн-занятий со студентами первых, третьих и четвертых курсов юридических факультетов Таразского инновационно-

гуманитарного университета и Таразского регионального университета.

«На днях начальник оперативно-криминалистического отделения 1-го отдела полиции УП города Тараза Мадияр Конысбаев и следователь следственного управления департамента полиции Жамбылской области Мади Кокрекбаев провели практические занятия на криминалистическом полигоне по производству осмотра места происшествия», - рассказали в пресс-службе правоохранительного ведомства.

Для студентов старших курсов через мобильное приложение «ZOOM» был показан пошаговый алгоритм действий следователя и криминалиста после получения информации о совершенном преступлении.

В завершение занятия Мадияр Конысбаев ознакомил студентов с дальнейши-



ми действиями оперативных сотрудников полиции для успешного расследования и быстрого раскрытия преступления.

«Будущие юристы с интересом слушали полицейских, активно задавали вопросы. Такие занятия полезны для получения профессиональных знаний непосредственно от самих профессионалов», - пояснили в пресс-службе департамента полиции Жамбылской области.

Inform.kz